



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

17 мамыр
сенбі

№36 (2149)

2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Арнайы экономикалық аймақ: өңірге қандай өзгеріс әкеледі?



«Апталықтар» коллажы

Үкіметтің шешімімен өңірде
«Қорқыт ата» арнайы экономикалық
аймағы құрылатын болды.
Қызылордалықтар үшін «арнайы
экономикалық аймақ» термині жақсы
таныс десек артық айтқандық емес.
Ел тәуелсіздігін алғаннан кейін,
1996 жылы өңірде арнайы
экономикалық аймақ құрылды.
Бұл дағдарысты еңсеруді, нарық
заңына бейімделуді, аймақ әлеуетін
көтеруге, кәсіпкерлікті дамытуды
мақсат еткен экономикалық
реформа болды.

«Әкім болдық, жұмыс басталды. Арыз-шағым
көп. Анау үйде су жоқ, мынау үйде тағы бірдене
жоқ деген қиын кезең. Жекешелендіру жүріп жатыр.
«Көпқабатты тұрғын үйлердің бірінші қабатын түгел
сатындар. Тұрғындар терезесін ойып, дүкен ашсын»
деген тапсырма бар. Оны жұртқа барып айтсақ, «айдың

күннің аманында тереземізді бұзып неміз бар. Керек
емес» дейді. Қазір кәсіпті кез келген адам өзі үшін
істейді ғой, ол кезде түсінбейді». Бұл – Қызылорда
қаласы арнайы экономикалық аймақ болған кезде
қала әкімі, арнайы экономикалық аймақ төрағасы
қызметін атқарған Бакберген Досманбетовтің кейінгі

жылдарда берген сұхбатынан үзінді. Осы бір-екі
сөйлемнен-ақ бір кездері арнайы экономикалық
аймақ құрылған тұста негізгі мақсаттың бірі
халықты кәсіпке жұмылдыру болғанын байқаймыз.
Себебі арнайы экономикалық аймақта кәсіпкерлікті
дамытуға қолдау бар.

2-БЕТТЕ



ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Делегация ең алдымен Жаңақорған
ауданындағы «Қамқорлық» оңалту
орталығы, «Төменарық», «Алмалы» ауылдық
амбулаториялары және Шнелі аудандық
көпсалалы орталық аудандық ауруханасы
ғимаратының құрылысымен танысты.

2-БЕТТЕ

Баспасөз-2025

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ
АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2025 жылдың
екінші жартыжылдығына
жазылу жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті
газетіңіз төріңізде тұрсын!

Жекелер үшін
6 айға – 3000 теңге,
мекемелер үшін –
4000 теңге.

Баспасөзге қатысты
сауалдарыңыз болса,
мына нөмірлерге
хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

■ СҰХБАТ

Лаура АЛЬМЕНТАЕВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университеті жанындағы Жасанды
интеллект институтының Корей тілі
және мәдениет орталығының маманы:

ТІЛ ҮЙРЕНУДІҢ ҚИЫНДЫҒЫ ЖОҚ

Кейінгі жылдары корей тілі мен мәдениетіне
деген қызығушылық жастар арасында айтарлықтай
артты. «К-рор», корей дорамалары, заманауи
технологиялар мен дәстүрлердің үйлесімі – мұның
бәрі Оңтүстік Кореяны жаһандық мәдени феноменге
айналдырды. Бұл құбылыс Қазақстан жастарына да
әсер етті: студенттер корей тілін үйреніп, Кореямен
академиялық және кәсіби байланыс орнатуға ұмтылуда.
Сондай жастардың бірі – Лаура Альментаева. Ол Қорқыт
Ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы Жасанды
Интеллект институтының Корей тілі және мәдениет орталығының
маманы. Корей тілін үйренуге деген қарапайым қызығушылығы оны
осындай кәсіби деңгейге жеткізді. Лаура Қонысбекқызымен корей тілін
менгерудегі тәжірибесі, мансаптық жетістіктері мен болашақ жоспарлары
жайлы сұхбаттастық.

4-БЕТТЕ



Кейінгі жылдары шаһарымыздың шырайы келісіп, көркіне көрік қосты. Жаңа
нысандар салынып, әлеуметтің әлеуеті артып келеді. Құрылысы қарқынды қаланың
көркейіп, көшелері кеңейіп жатқанын күн сайын көріп те жүрміз. Қаланың тыныс-
тіршілігі мен дамуы әрбір тұрғынға қуаныш сыйлары хақ. Бүгінде жолдар жөнделіп,
көшелер кеңейіп, шаһар келбеті өзгеше кейіпке енді.

ЖОЛ – ІРГЕЛІ ІСТЕРДІҢ БАСТАМАСЫ

Апта
ішінде
облыс әкімі
Нұрлыбек
Нәлібаев
облыстық мәслихат
төрағасы
Мұрат Тілеуімбетовпен
бірге облыс орталығындағы
«Тәуелсіздікке – 25 жыл»
даңғылын, Әбілқайырхан
көшесінен Саламатов көшесіне
дейін қайта жаңғырту жұмыстарының
барысын аралап көрді.



«Апталықтар» коллажы

Сондай-ақ Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр
хан көшесіне дейінгі Сырдария өзенінің қорғаныс
бөгеті нығайтылып, аталған даңғылдың 6,7
шакырымын қайта жаңғырту жұмыстары аяқталуға
жақын. Мердігер мекеме «УАД» ЖШС кеңейтілетін
аумаққа асфальт төседі. Сонымен қатар Сырдария
өзенінің қорғаныс бөгеті тазаланып, 1,4 шакырымға
жуық дамба нығайтылды, 1,4 шакырым тіреу
қабырғасы тұрғызылды. Нысанды жақын уақытта
аяқтау жоспарлануда.

Облыс әкімі аралап көрген Әбілқайыр хан
көшесінен Саламатов көшесіне дейінгі жол құрылысы
да қарқынды. Ұзындығы 2,9 шакырым, қазіргі таңда
2,4 шакырымының астыңғы қабаты тазаланып
ашылған, ал 2 шакырым аумаққа тірек қабырғалары
құйылуда. Жол құрылысын аралау барысында аймақ
басшысы жұмысқа қойылатын басты талап сапа екенін

айтып
өтті. Әрбір
істің жауапкершілікпен
аяқталғаны маңызды. Кемшілік орын
алған жағдайда мердігер мекемелер жауапты
болатынын ескертті.

Жалпы, өңірде жол құрылысы қарқынды даму.
Облыс орталығында жол қатынасына байланысты
мәселелер шешімін тауып, жыл өткен сайын жақсарып
келеді. Өткен жылы аймақтың жол инфрақұрылымын
дамытуға қыруар қаржы бөлініп, 300 шакырымнан
астам жол жөнделген. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы
жолдардың үлесі 92 пайыздан асты. Республикалық
маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль
жолын қайта жаңғырту жалғасуда.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

■ ҚАЛА ТЫНЫСЫ

САЯБАҚТА СЕРУЕНДЕЙТІН КҮН ЖАҚЫН



«Апталықтар» коллажы

4-БЕТТЕ

Арнайы экономикалық аймақ: өңірге қандай өзгеріс әкеледі?


Белгілі ғалым Мәди Кереев пен арнайы экономикалық аймақ төрағасы, қала әкімі қызметін атқарған Бакберген Досмабетовтің «Қызылорда» атты кітабында арнайы экономикалық аймақтың негізгі мақсаты, нәтижесі туралы кеңінен жазылған. «Қызылорда арнайы экономикалық аймақ құрғандағы негізгі мақсат – өнеркәсіп және басқа салаларға инвестиция тартуға әрекет жасай отырып, экономикалық басымдылықты қалыптастыру болды. Ол үшін іс жүзіне асыруға тиіс мына мәселелер қарастырылды. Қолда бар табиғи қорларды тиімді әрі кешенді игеру, аймақтың сыртқы тауар шығару мүмкіншілігін арттыру, сырттан тауар тасымалдау өндірісін дамыту, қаланың өндіргіш күштерін тиімді дамыту, жоғарғы қуатты өндіріс орындарын құру, өнімнің жаңа түрлерін шығару, инвестициялар тарту, кәсіпкерлік қызметті жандандыру және қордаланған әлеуметтік-экологиялық қиындықтарды шешу» деп жазады.

көтеру мен экономикалық өсуін қамтамасыз етуді іс жүзіне асыруға зор мүмкіндік берді. Арнайы экономикалық аймақтың ашылуы шетел инвестицияларын көптеп тартуға, облыс экономикасын әлемдік іскерлік өлшемдеріне сай дамытуға жол ашты. Өркениетті елдердің тәжірибесіне сүйенсек, көптеген бос жатқан дала осындай аймақтардың арқасында көркейіп гүлденген. Арнайы экономикалық аймақтың қаржысының 40 пайызы облыс халқының тұрмыс деңгейінің жақсаруына ықпал етуі, балалардың жәрдемақысы, зейнетақы мен жалақы уақытылы төленуі, қаламыздың көркеюі, көшіп кеткен жерлеріміздің қайта айналып үйірін табуы, бәрі де арнайы экономикалық аймақ болуымыздың жемісі еді», – деп жазады.

Қызылорда қаласында арнайы экономикалық аймақ құрылған кезде әкімшілік кеңес төрағасы орынбасары болған Нәжмадин Мұсабаев арнайы экономикалық аймақтың облыс экономикасы

– «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы халықаралық әуежайдың жаңа терминалына іргелес 550 гектар аумақта орналасатын болады. Арнайы экономикалық аймақтың құрылымында авиация қызметі, көтерме-бөлшек сауда, қоймалау, өндірістік сектор қамтылған. Құрылыс индустриясы, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, машина жасау, логистика, технология және инновациялар салаларында 28 бағыт бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру көзделіп отыр.

Арнайы экономикалық аймақта құрылыс индустриясы, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, көлік-логистика, технология және инновация салаларында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр. Осылайша, жеңіл өнеркәсіпте жүн мен тері өңдеу, киім-кешек және тоқыма емес материалдар өндірісі жолға қойылады. Құрылыс саласында шыны талшықты арматура, полимер, арматураланған құбырлар, талшықты цемент бұйымдары және автоклавты



Архив деректеріне сүйенсек, арнайы экономикалық аймақ аумағында тіркелген шаруашылық жүргізетін субъектілерге салық салудың жеңілдетілген түрі қолданыла бастады. Мәселен, заңды тұлғалардан 20%-дық табыс салығы алынды. Сонымен қатар өндірістік қызметпен байланысты әкелінетін шикізат пен құрал-жабдықтарды бажсыз әкелу қарастырылды. Инвесторлар үшін мемлекеттік заттай гранттар, табыс салығының ставкасын төмендету, шарт жасасқан күннен бастап 5 жылға дейінгі мерзімге табыс, жер және мүлік салықтарының ставкасын негізгі мөлшерлеменің 100%-ына дейін төмендету, жабдықтарды, шикізаттар және материалдарды әкелу кезінде кедендік баж салығынан толық және ішінара босату көзделді. Сол сияқты инвестиция тарту мақсатында Қызылорда қаласы бойынша инвестициялық жобалардың тізбесі бекітіліп, аймақтың экономикалық өсуіне айтарлықтай ықпал ететін 65 бизнес-жоба жасакталған. 1997 жылы ҚАЗА-ның дамуына 35,5 млн АҚШ долларын құрайтын шет елдік инвестиция тартылып, игерілген. Осы жылы облыста 8 бірлескен кәсіпорындар жұмыс істеді. Олардың ішінде 4-і «Қазгермұнай» БК, «Құтамонмұнай» БК, «Құмкөл-ЛУКойл» АҚ және «Харикейн Құмкөл Мұнай» АҚ мұнай-газ кен орындарын игеру бағытында жұмыс істеді.

Арнайы экономикалық аймақ әлеуметтік-экономикалық, өнеркәсіптік-экономикалық жағдайы өнеркәсіптің дамуы, негізгі капиталға инвестиция тарту, сыртқы экономикалық қатынастардың деңгейі, тұрғын үй-коммуналдық кешенді қайта құру, қаланың қаржылық, тұтынушылық нарық пен жекешелендірудің қарқыны, кәсіпкерлік пен шағын бизнесті ілгерілетумен айқындалды. 1997 жылы машина жасау және металл өңдеу кәсіпорындарының өнімінің көлемі 26,5%, мұнай өндіру 3%, жеңіл және тағам өнеркәсіптерінде 29,1%-ға артты. Экономиканың мемлекеттік емес секторындағы өндірілген өнімнің үлес салмағы 93,7% жетті. Деректерге сүйенсек, арнайы экономикалық аймақ құрылған жылдары өңір дамуында ілгерілеу болып, табысқа жетелегенін байқаймыз. Тағы да «Қызылорда» кітабындағы дерекке сүйенсек: «Экономикалық аймақ өз даму барысында тек шетел инвестициясына неқ артып, қаржы жағдайын бекіту негізінде салық түсімін ұлғайту, озық технологияларды қолдана отырып жаңа өндіріс орындарын ашу, қызмет көрсету аясын кеңейту, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауды нысанаға алды. Бұл жоспарларды іске асыру өзара еңбек бөсекесін тудыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға үлкен септігін тигізді. Арнайы экономикалық аймақтың бұл қолайлы жағдайы халықтың әлеуметтік деңгейін

үшін де, халық үшін де пайдасы көп болатынын айтты.

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында экономиканың барлық саласында жаңа формацияға көшу оңай болған жоқ. Көптеген қиындық болды. Халықты нарықтық экономикаға бейімдеп, ел әлеуетін нығайту мақсатында көп жұмыс атқарылды. Соның бірі – Қызылорда қаласында арнайы экономикалық аймақ құрылды. Мұның халыққа пайдасы, нәтижесі біздің көз алдымызда. Әсіресе, сырттан келетін көліктерге, түрлі заттарға салынатын салықтан босатылды. Тіпті сол кезде өзге өңір тұрғындары көлік алу үшін алдымен Қызылордаға тіркетіп, экономикалық аймақ жеңілдіктерін пайдаланғанын жақсы білемін. Биыл жаңа әуежай аумағында экономикалық аймақ құрылады деген хабарды естіп жатырмыз. Мұның аймаққа көп пайдасы болатынына кәміл сенемін. Халыққа, кәсіпкерлерге, облыстың барлық саласына тигізер пайдасы жоғары, – дейді ол.

Араға 30 жыл уақыт салып, өңірде арнайы экономикалық аймақ құрылмақ. Өрине, бұл жолғы мақсат та, уақыт талабы да өзгеше. Ел экономикасын ілгерілетуге ұмтылу, шикізатқа тәуелділікті азайту, өндірісті дамыту – басты мақсат. Биылғы 13 мамырдағы Үкімет отырысында Қызылорда облысында «Қорқыт ата» арнайы экономикалық аймағын құру туралы шешім қабылданды. Мемлекет басшысының халыққа Жолдауынан туындайтын негізгі міндеттердің бірі – аэрохабтарды дамыту, әуежайлардың, автомобиль магистральдарының инфрақұрылымын жетілдіру. Осы бағытта қаладағы халықаралық әуежайдың жаңа терминалына іргелес 550 гектар аумақта «Қорқыт ата» арнайы экономикалық аймағы құрылады. Бұл бастама – өңір экономикасын артараптандыруға, мұнай өндірісіне тәуелділікті төмендетуге және жаңа өндірістік бағыттарды қалыптастыруға бағытталған стратегиялық қадам. Арнайы экономикалық аймақ құрылымына авиацияға қызмет көрсету, көтерме-бөлшек сауда, қоймалау және сақтау, сондай-ақ өнеркәсіптік аймақтар кіреді. Арнайы экономикалық аймақта құрылыс индустриясы, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, машина жасау, көлік-логистика, технологиялар мен инновациялар салаларында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жоспарланған. Сонымен қатар арнайы экономикалық аймақ құрудың белгіленген қағидаларына сәйкес, 28 экономикалық қызмет түрінің тізбесі келісілген.

Экономика ғылымдарының кандидаты Абай Шайнуров арнайы экономикалық аймақ қатысушыларына салық жеңілдіктері жасалып, кәсіпкерліктің дамуына жол ашатынын айтады.

**Араға
30 жыл уақыт
салып, өңірде арнайы
экономикалық аймақ құрылмақ.
Өрине, бұл жолғы мақсат та, уақыт
талабы да өзгеше. Ел экономикасын
ілгерілетуге ұмтылу, шикізатқа тәуелділікті
азайту, өндірісті дамыту – басты мақсат.
Биылғы 13 мамырдағы Үкімет отырысында
Қызылорда облысында «Қорқыт ата» арнайы
экономикалық аймағын құру туралы шешім
қабылданды. Мемлекет басшысының
халыққа Жолдауынан туындайтын
негізгі міндеттердің бірі – аэрохабтарды
дамыту, әуежайлардың, автомобиль
магистральдарының
инфрақұрылымын
жетілдіру.**

газдалған бетон өндірісі бойынша жобаларды іске асыру жоспарлануда.

«Қорқыт ата» арнайы экономикалық аймағына қатысушыларына заңнамаға сәйкес бірқатар салықтық және кедендік жеңілдіктер беріледі.

Мысалы, әлеуетті инвесторларға корпоративтік табыс салығынан босату, АЭА аумағында сатылатын тауарларға қосылған құн салығы, кедендік баж салығы, жер және мүлік салығы және т.б. жеңілдіктер мен преференциялар қарастырылған. Сонымен қатар мемлекет АЭА-ны қажетті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етіп, кейіннен сатып алу құқығымен жер телімін тегін жалға береді.

«Қорқыт ата» арнайы экономикалық аймағы – Қызылорда облысының экономикалық дамуына серпін беретін стратегиялық жоба екенін ерекше атап өткен жөн. Оның аясында ірі отандық және шетелдік инвестицияларды тарту, жаңа өндірістік қуаттарды енгізу, 3 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашу, облыстың экспорттық және көліктік әлеуетін арттыру жоспарлануда.

Жаңа жоба Қызылорда облысын Қазақстанның логистикалық және өндірістік картасында жетекші орынға шығарады деп жоспарлануда. Сондай-ақ өңірдегі шағын және орта бизнестің дамуына зор ықпалын тигізеді.

«Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы – тек бір өңірдің емес, еліміздің индустриялық жаңғыру мен даму жолындағы стратегиялық тірегіне айналатынына сенемін, – дейді ол.

Өңір дамуында тағы бір жаңа мүмкіндікке жол ашатын «Қорқыт ата» арнайы экономикалық аймақ елге серпін болары сөзсіз.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА



ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Сапардың екінші күні облыс орталығында делегация мүшелерінің қатысуымен «Қазақстан Республикасында тәуелсіз мейіргерлік қызметтің озық тәжірибелерін енгізу арқылы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы Елдік кеңсесінің басшысы Скендер Сыла, онлайн режимде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Еуропалық аймақтық бюросының директоры Ханс Клюге, Германия, Қырғызстан, Латвия, Өзбекстан, Ресей, Түркия, Финляндия мемлекеттерінің өкілдері, ғалымдар, барлық өңірдің денсаулық сақтау басқармасының басшылары қатысты.

мейіргер ісін дамыту – денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға, тұрғындарға қолжетімді, сапалы қызмет ұсынуға бағытталған маңызды қадам. Озық тәжірибелерді енгізу арқылы мамандардың кәсіби дамуы мен ролі арта түсетініне сенім мол. Өңірдегі медицина мекемелерінде 12 мыңға жуық мейіргер еңбек етеді. Олардың халық денсаулығын жақсартуға қосқан үлесі өлшеусіз деп айтуға болады.

Конференцияда денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Ханс Клюге, Скендер Сыла сөз сөйлеп, медицина саласындағы жетістіктерге тоқталды.

Сонымен қатар Қызылорда облысының денсаулық сақтау саласының дамуына қосқан үлесі үшін мамандар



Конференцияда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр медицинасындағы жаңашылдықтарға тоқталды.

– Дені сау ұрпақ – Әділетті Қазақстанның келешегі. Ұлт саулығын нығайтып, сапалы медициналық қызмет көрсету – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Өткен жылы аймақтың денсаулық сақтау саласының бюджеті 146 млрд 200 млн теңгені құрады. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында барлық ауданда 28 медициналық нысан салынды. Жылына 10 мың адамға дейін қызмет көрсетуге мүмкіндігі бар орталық ашылып, ел игілігіне қызмет етуде. Ана мен бала өмірін қорғауда көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық бөлім ашылды. Облыс орталығында емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы жүруде. Бұдан бөлек, ұлттық жоба аясында 4 көпбейінді аудандық орталық аурухана жанынан қосымша құрылыс салынууда. Өткен жылы 8 медициналық нысанға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, енді 6 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылады. Қажетті медициналық құрал-жабдықтар сатып алынып, жабдықталу деңгейі 87,1 пайызға артты, – деді Н. Нәлібаев.

Жыл сайын Сыр өңірінің медицина саласында ауқымды жобалар жүзеге асып келеді. Мәселен, білікті кадрлармен қамтамасыз ету де басты назарда. Билтар жергілікті бюджет қаражаты есебінен мамандар біліктілігін арттыруға 144 млн теңге бөлінген. Елімізде тәуелсіз

«Еңбек ардагері» медалімен, «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен, облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының алғыс хаты, медициналық колледж студенттеріне шетелдік оқу орындарына жолдана табысталды.

Іссапар аясында денсаулық сақтау министрлігінің делегациясы, республикалық медициналық ұйымдар мен өңірлердің денсаулық сақтау басқармасы басшылары облыс орталығы мен аудандардағы медицина ұйымдарының жұмысымен танысып, тәжірибе алмасуда.

Бүгінде Сыр медицинасында серпін бар. Аймақта жыл өткен сайын медициналық мүмкіндіктер молайып келеді. Аймақ дәрігерлерінің шетелде тәжірибе алмасу жұмыстары да ширап келеді. Конференция барасында өңірдегі медицина мамандары үшін жағымды жаңалық айтылды. Биыл медицина саласының қызметкерлері баспаналы болады. Бұл қуанышты жаңалықты аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев айтты.

– Денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне арнап 100 пәтерлік жаңа тұрғын үй салу жөнінде шешім қабылдадық. Жакын арада құрылысы басталып, жыл соңына дейін табысталайын болады, – деді аймақ.

Айта кетейік, денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова өңірдегі іссапар барысында №3 қалалық емхананың және көпбейінді облыстық аурухананың жұмысымен танысты.

Басы 1-бетте

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

ЖЕТІСТІК КЕЗДЕЙСОҚ НӘТИЖЕ ЕМЕС

Қоғамда саналы ұрпақ тәрбиелеп, сапалы білім беруде мектептің орны ерекше. Білім мекемесіндегі оқушы, ұстаз, ата-ана деген үштік одақтың бірлігі бекем болса, мектепте оқу үлгерімі де, тәртіп те, жетістік те болады. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жастарымыз тек біліммен қаруланып, еңбекке ғана арқа сүйеуі тиіс. Біз қазіргі заманның жанаша талаптары мен үрдістеріне әрқашан сай болуымыз керек. Бұл үшін бір орында тұрып қалмай, ілгері жылжу басты мақсат болуы тиіс. Сондықтан білімі терең, ойы озық ұрпақ тәрбиелейтін мұғалімдер қауымына зор жауапкершілік жүктеледі» деген болатын.



Осы қағиданы берік ұстанған И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі білім, тәрбие, ғылым, өнер және спорт саласында ерекше серпіліспен өрлеу жолында келеді.

– Мектеп жетістігінің негізгі тірегі – мұғалім еңбегі, шәкірт ізденісі және мақсатты жұмыс. Жетістіктің бастауы – сапалы білім. Мектеп-лицейдің соңғы бес жылдық жетістігі тек оқушылар мен мұғалімдердің қажырлы еңбегінің ғана емес, мектептің ұжымдық жұмысының нәтижесі. Бұл кезеңде мектеп ұжымымен бірлесіп, білім мен тәрбие беруде жаңашылдық енгізіп, білім саласында мықты көшбасшыға айналуға тырыстық. Басшы ретінде ұжымды қолдап, жұмысты жаңа деңгейге көтердік. Мектепте оқу-тәрбие үрдісін жаңғырту үшін мұғалімдердің шығармашылық мүмкіндігін ашуға, оқушының жеке тұлғасын дамытуға көп көңіл бөлдтік. Нәтижесінде ғылыми-зерттеу жұмысы мен жаңа жобалар қолдау тапты. Педагогикалық кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыратын әдістеме енгізілді. Әрбір мұғалімге қолдау көрсетіп, олардың шығармашылық әлеуетін дамыттық, – дейді мектеп директоры Рита Мұқашова.

Бүгінде білім беру жүйесі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын басшылыққа алуға. Бұл бағдарлама оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық және әлеуметтік дамуына бағытталған кешенді шараны жүзеге асырумен маңызды. Нәтижесінде оқушылар мектеп қабырғасында тек білім алып қана қоймай, жеке тұлға ретінде қалыптасып, болашаққа қажетті дағдыларды меңгереді.

Мектеп директорының айтуынша, бағдарлама өз жемісін беріп, дарынды оқушылардың білім доласында жарқырай көрініп, ұстаз еңбегі бағаланған кезең болуымен ерекшеленді. Бұл оқу жылының басты жетістігі – сөз өнері мен тіл байлығы бағытындағы республикалық деңгейдегі жеңістер. Тіл – ұлттың жаны десек, оны терең меңгеріп, көркемдік қуатын бағалай білу – нағыз зерденің белгісі. Осы орайда мектеп оқушысы Ли Максим лингвистикалық олимпиаданың республикалық кезеңінде орыс тілі мен әдебиеті бойынша III орын иеленіп, тіл ғылымының тереңіне бойлай алатын ерекше қабілетін дәлелдеді. Бұл – тәжірибелі ұстаз, шәкіртін әрдайым қолдап, бағыт-бағдар беріп

жүретін Роза Күзембаеваның да еңбегі. Бұл жеңіс – шәкірт пен ұстаз арасындағы сенім мен өзара еңбектің жемісі. Сондай-ақ 5-6 сынып оқушылары арасында өткен республикалық пәндік олимпиадада Даниель Глаголев орыс тілі мен әдебиеті пәнінен II орын иеленіп, жас ерекшелігіне қарамастан, өз білімін жоғары деңгейде көрсетті. Оның осы жетістікке жетуіне жетекшісі Татьяна Зеленкова үлкен үлес қосты.

«Дарын» ғылыми жобалар конкурсының республикалық кезеңінде орыс тілі мен әдебиеті бағыты бойынша Ангелина Белоусова жүлделі III орынға ие болса, «Жұлдызай» балалар шығармашылығы байқауында Медина Темірбек тоғызқұмалақ ойынынан II орын иеленіп, ұлттық спорт пен ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған қолдаудың маңызын дәлелдеді. Жетекшісі Асылжан Ернараров балаларды спортқа қызықтыра білуде тынымсыз еңбек етіп келеді. Республикалық



XII «Талантты жұлдыздар» колөнер сайысында Еркежан Жеткербай бас жүлде, Алпамыс Шахмардан I орын иеленді. Техникалық және кәсіптік бағыттағы қабілеттерді дамытатын «Junior Skills Kazakhstan – 2024» чемпионатында мектеп оқушылары Қайсар Сейдахмет, Сейілхан Асан бас жүлде иегері атанды. Олардың кәсіби бағдарға бұл жеңісі – ұстазы Тенел Байтұжықтың бағыт-бағдары мен шәкіртке деген қамқорлығын айқын көрсетеді. Оқушының бойындағы ізденімпаздық пен ұстазының тиянақты дайындығы білім бәйгесінде озық болуына ықпал етті.

– Бұл жетістіктер кездейсоқ нәтиже емес. Олар мектеп қабырғасында қаланған сапалы білімнің, ұстаздар мен оқушылар арасындағы сенімді қарым-қатынастың, шығармашылық еркіндіктің және тұрақты ізденістің көрінісі. Бұл – білім жолында алға қойған мақсатқа берік болудың, табандылықтың айғағы. Мектеп-лицейдің педагогтері мен оқушылары үшін талайға табысқа толы жыл болды. Ұстаздар мен шәкірттердің қажырлы еңбегі, білім мен ғылымға деген адалдығы түрлі деңгейдегі байқау мен сайыстағы жоғары нәтижесімен дәлелденді. Мәселен, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Роза Күзембаева өз саласындағы үздік еңбегі үшін облыс әкімінің стипендиясымен иеленді. Бұл марапат – оның кәсіби біліктілігінің нәтижесі, – дейді мектеп директоры.

Шынында, мектеп басшысының сөзінің жаны бар. Мәселен, Анталияда өткен халықаралық орыс тілі мен әдебиеті олимпиадасында 9-сынып оқушысы Азамат Баймағамбетовтің жүлделі III орынға ие болуы – жетекшісі орыс

тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Алтын Ізбасованың еселі еңбегі. «Дарын» ғылыми жобалар конкурсының республикалық кезеңінде 10-сынып оқушысы Элина Байбатырова жеңіс тұғырынан көрінсе, республикалық олимпиаданың финалында география пәнінен Арсылан Нұрланұлы II орынға қол жеткізді. Ағылшын тілі пәнінен Акерке Айтмырза Алғыс хатпен марапатталды. Бұл көрсеткіштің бәрі Роза Күзембаеваның, Гүлзада Садықованың, Гүлзира Сейділдаева секілді білікті де, білімді мұғалім берген тәлімінің жемісі. Бұл жетістіктер – ұстаздар мен оқушылар арасындағы сенім мен еңбектің, мектептің білім берудегі жүйелі жұмыс пен қолдаудың нәтижесі.

– Біздің білім ұясы үшін тағы бір айтулы жетістік 6-сынып оқушысы Роза Садық «Зерде» республикалық ғылыми жобалар конкурсынан бас жүлде жеңіп алды. Бұл – мектептің ғылымға бағытталған оқушылар дайындаудағы жүйелі

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деп тегін айтылмаған. Мектептегі мұғалімдердің көпшілігі ұзақ жылдық тәжірибесі бар, өз саласының мықты мамандары. Мәселен, Роза Күзембаева «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің иесі. Химия пәні мұғалімі Айнұр Қайырқұлова республикалық «Педагогикалық идеялар панорамасы» кәсіби байқауының I орын жүлдегері болса, Ақмарал Тұрыспенбетова «Педагогикалық идеялар фестивалі» кәсіби байқауының республикалық кезеңінде III орын иеленіп, білім беру саласындағы жаңаша ойлаудың, ізденістің үздік үлгісін көрсетті. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Гүлжан Дүйсенбекова – ұстаз бен спортшы бейнесін үйлестіре білген педагог. Ол республикалық мұғалімдер спартакиадасында II орын алып, дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын насихаттауда үлгі болып келеді.

2024-2025 оқу жылы – ұлағатты ұстаздар мен дарынды оқушылар еңбегінің нәтижесімен ерекшеленген маңызды кезеңдердің бірі болды. Білім мен парасаттың ұйытқысына айналған қарашаның аяғында мұғалімдердің кәсіби шеберлігімен әрдайым биіктей түсуде. Ұзақ жылдар бойы шәкірт тәрбиелеп, білім саласына қосқан өлшеусіз үлесі үшін орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Роза Күзембаева Ы.Алтынсарин төсбелгісімен марапатталды. Бұл марапат – тек жеке жетістік емес, тұтас ұстаздар қауымына деген сенім мен құрметтің көрінісі. Ғылыми-шығармашылық ізденістер де биылғы оқу жылының басты жетістігіне айналды. Республикалық «Дарын» ғылыми жобалар байқауында Ангелина Белоусова орыс әдебиеті пәні бойынша I орынды жеңіп алып, Атырау университетінің мемлекеттік грантын иеленді. Бұл – білім мен табандылықтың, ұстаз бен

шәкірттің үйлесімді еңбегінің айқын нәтижесі. Оған бағыт-бағдар берген жетекшісі – Күзембаева Роза Асылбекқызы. Жоба байқауына тағы бір талантты оқушы Ақнұр Бүрібаева қатысып, үлкен тәжірибе жинақтап, шығармашылық әлеуетін шыңдауға мүмкіндік алды. Бұл – әрбір талапкерге шабыт беретін бастама. «Адам және қоғам» бағыты бойынша сынға түскен Аяна Алекбар өзінің азаматтық көзқарасы арқылы Алғыс хатпен марапатталды. Жетекшісі – тәжірибелі ұстаз Бақытжан Тәжмағанбетов. Бұл – бір ғана оқу жылының қорытындысы. Бірақ оның артында ұзақ дайындық, терең ізденіс бар.

– №5 мектеп-лицейдің әрбір жетістігі – білім мен тәрбие саласындағы үздіксіз даму мен ұжымдық ауызбіршіліктің айғағы. Мектеп ұжымы мен оқушылардың бірлесіп атқарған жұмысы, олардың өзара ынтымақтастығы мен қажырлы еңбегі білім мен тәрбие саласындағы жаңа биіктерге бастайды. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігі мен оқушылардың білім алуға қызығушылығы мектептің болашаққа бағытталған үлкен мақсаттарға жетудегі баспалдағы. Мұндағы әр шәкірт – болашақтың иесі болса, әр ұстаз – болашаққа жол сілтеп, бағыт-бағдар беретін шамшырақ, – дейді мектеп директоры Рита Мұқашова.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА



жұмысының көрінісі. Оқушының бұл жетістігі жетекшісі, «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, математика пәнінің білікті ұстазы Ғабиден Қайдауловтың кәсіби шеберлігі мен бағыт-бағдарының жемісі. Ұстаздың талай жылдық тәжірибесі, шәкірттерге деген жауапкершілігі мен жанашырлығы оқушының ғылыми ізденісіне берік негіз қалап, оның қабілетін аша білді. Ғабиден Төлеуайұлы математиканы тек пән ретінде емес, ойлаудың, логиканың, болашақ инженерлік пен зерттеушіліктің тілі ретінде қабылдап, оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын тереңдетіп жүрген ұстаз. Оның жетекшілігімен жыл сайын түрлі деңгейдегі олимпиада мен жобалық жұмысқа қатысып, жүлделі орын алған оқушылар саны артып келеді, – дейді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Толқын Тастаева.



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Бүгінгі күні мемлекеттік қызмет көрсетудің басты мақсаттарының бірі – халыққа сапалы қызмет көрсету. «Қызылорда қаласының Қызылөзек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызмет көрсетудегі басты мақсаттарының бірі – Қызылөзек ауылдық округінің халқына, аз қамтылған отбасыларға, жұмыссыз азаматтарға, ардагерлерге, мүгедектігі бар адамдарға және өзге де жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетуді ұйымдастыру.

Осы мақсатта «Қызылорда қаласының Қызылөзек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан заңды және жеке тұлғаларға 5 мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі: «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Саудасаттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскелерін беру», «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату».

Мемлекеттік қызметті электронды алу үшін көрсетілетін қызметті алушыға электрондық цифрлық қолтаңбаны алу, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» веб-порталында (www.egov.kz) немесе электрондық лицензиялауда (www.elicense.kz) тіркелу қажет.

Тұтынушыларға ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында стандарттарға сәйкес ақпараттық тактайшалар орнатылған.

Сондай-ақ Әкімшілік ғимаратта халықтың уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы» орналастырылған.

Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің сапасын арттыру және атқарушылық тәртіптің деңгейін көтеру күнделікті бақылауда.

Қызылөзек ауылдық округі әкімінің аппараты

ХАБАРЛАНДЫРУ

Әсер ету скринингін қарау туралы

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 55-бабының 6-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне (бұдан әрі – ЭТРМ) стратегиялық экологиялық бағалау (бұдан әрі – СЭБ материалдары) жүргізу үшін мынадай құжаттар келіп түсті:

- «Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округінің Қызылжарма ауылының бас жоспары»

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «МПК-Проект»ЖШС.

СЭБ құжаттарының тапсырыс берушісі: Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының әулет және қала құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

СЭБ әзірлеуге жауапты: Қызылорда қаласының әкімдігі.

СЭБ материалдары бойынша қорытындылар беруге жауапты уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын айтуға шақырамыз:

1) Бас жоспардың іске асырылуы қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?

2) Бас жоспар бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?

3) СЭБ бойынша есепте құжатты іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал елеулі әсерлері туралы

сізді қызықтыратын барлық ақпарат қамтылған ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?

4) Сізге бас жоспарды іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты өзге де ескертулер мен ұсыныстар бар ма?

Стратегиялық құжаттың қолданылу мерзімі: 2025-2035 ж.ж.

Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі өткізу мерзімі: 2025 жылғы 30 мамырға дейін (ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні – 2025 жылғы 30 мамыр).

Байланыс деректері: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8.

Экологиялық саясат департаменті
Тел. 8 (7172) 74-02-83

e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша түрде электрондық түрде электронды мекен-жайға жіберуге болады. Министрлік Кеңесінің мекен-жайы: k.kense@ecogeo.gov.kz.

Сіздің құжаттарыңыздың алынғандығы жөнінде, кенесіде +7/7172/74-08-44 телефоны арқылы міндетті түрде нақтылау қажет.

СЭБ бойынша материалдар орналастырылған:

Министрліктің сайтында («қызмет» бөлімі – «Негізгі құжаттар» бөлімі – «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі)

Қызылорда қаласы әкімдігінің сайтында

ОБЪЯВЛЕНИЕ

о рассмотрении скрининга воздействия

В соответствии с пунктом 6 статьи 55 Экологического кодекса Республики Казахстан в Министерстве экологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее - МЭПР), для проведения стратегической экологической оценки поступили следующие документы (далее - материалы СЭО):

- «Генеральный план аула Кызылжарма аульного округа Кызылжарма города Кызылорда»

Разработчик материалов СЭО: ТОО «МПК-Проект».

Заказчик материалов СЭО: Коммунальное государственное учреждение «Кызылординский городской отдел архитектуры и градостроительства» акимата города Кызылорда

Ответственный за разработку СЭО: Акимат г.Кызылорда

Уполномоченный орган за выдачу заключений по материалам СЭО: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Приглашаем общественность (всех граждан и юридических лиц) высказать свои замечания и предложения по следующим вопросам:

1) может ли реализация Генплана оказывать существенные воздействия на окружающую среду, и если да, то какие это воздействия и почему Вы считаете их существенными?

2) какие воздействия на окружающую среду и здоровье населения необходимо изучить до утверждения Генплана и почему?

3) освещена ли в отчете по СЭО вся интересующая Вас информация о возможных существенных воздействиях реализации Документа на окружающую среду и здоровье

населения? Какая информация интересует Вас и почему?

4) имеются ли у Вас иные замечания и предложения, связанные с возможными воздействиями реализации Генплана на окружающую среду и здоровье населения?

Период действия стратегического документа: 2025-2035 гг.

Уполномоченный орган: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Срок проведения процедуры по приему замечаний и предложений: до 30 мая 2025 года (последний день приема замечаний и предложений – 30 мая 2025 г.)

Контактные данные: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан г. Астана, пр. Маңғилік-Ел, 8

Департамент экологической политики
Тел. 8 (7172) 74-02-83

e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz,

balzhan.sea@yandex.kz

Замечания и предложения в письменном виде можно направлять в электронном виде на эл.адрес Канцелярии Министерства: k.kense@ecogeo.gov.kz

Необходимо обязательно уточнять, что ваши документы получили в Канцелярии по телефону: +7 7172 74-08-44

Материалы по СЭО размещены:

на сайте Министерства (раздел «Деятельность» - раздел «Основные документы» - раздел «Стратегическая экологическая оценка»)

на сайте: ТОО «МПК-Проект» и ссылку на сайте

